



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғам**

**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И
СВЯЗИ**

Орыс және қазақ тілдері
кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5B074600 – Ғарыштық техника және технологиялар мамандығы бойынша
семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Алматы 2016

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Қ.О. Ажиев, Д. М. Арыстанғалиева. Кәсіби қазақ тілі. 5В074600 – Ғарыштық техника және технологиялар мамандығы бойынша семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау.
– Алматы: АЭЖБУ, 2016. – 35 б.

Әдістемелік нұсқауда екі семестрлік жұмыс тапсырмаларының нұсқалары, орындау үлгілері, ұсыныстар, қажетті әдебиеттер берілген.

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша әдістемелік нұсқау 5В074600 – «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша білім алатын бакалаврларға арналған.

Әдеб. көрсеткіші – 20 атау.

Пікір беруші: фил. ғыл. канд., доцент Шәрібжанова Ғ.Ғ.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2016 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2016 ж.

Аннотация

В методических указаниях представлены варианты заданий к двум семестровым работам, образцы их выполнения, методические рекомендации и список рекомендуемой литературы. Методическая разработка состоит из двух разделов. В каждом разделе сформулированы темы и цели семестровых работ. В первом разделе предложены формулы речевого этикета. Студент может использовать их для составления ситуативного диалога. Во втором разделе предлагаются термины и терминосочетания по специальности, которым необходимо дать толкование на двух языках. Методические указания предназначены для студентов специальности 5В074600 – Космическая техника и технологии.

Кіріспе

Ұсынылып отырған «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған (көлемі 2 кредит).

СӨЖ орындаудың негізгі мақсаты - білім алушының кәсіби іс-әрекеттері саласындағы кәсіби бағытталған қазақ тілінің коммуникативтік құзыретін дамыту.

Әдістемелік нұсқауда кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік салаларға байланысты қатысымдық жағдаяттармен қатар ғарыштық техника және технологиялар саласына қатысты терминдер мен терминдік бірліктер тізімінің нұсқалары (30 нұсқа) беріліп, студенттердің семестрлік жұмыстарының мақсаты, орындау үлгілері көрсетілген. Тапсырма нұсқаларын оқытушы білім алушыларға өзі үлестіреді.

Студенттің семестрлік жұмысын орындауға қойылатын талаптар:

1) Семестрлік жұмыс тапсырмалардың берілуі мен қабылдау кестесіне сәйкес орындалуы тиіс.

2) Мәтіндік құжаттар А4 (210x297 мм) пішіміндегі қағазға орындалады.

3) Мәтіндік құжаттар компьютерлік терілім көмегімен 14 кегльмен, Times New Roman қарпімен орындалады.

4) Мәтін төменде көрсетілгендей терілуі шарт:

- жоларалық қашықтық - 1 (А4 пішіміндегі бір параққа 40-44 жолдан);

- азат жолдың басындағы шегініс – 1,25 см, сол және оң жақтары – 0 см;

- мәтін парақтың сол және оң жақтары бойынша түзеледі;

- мәтін бір бағанға орналастырылады;

- мәтіндік құжатты келесідей нақты жиектік өлшемдерді сақтай отырып басқан жөн: сол жағы – 25 мм, оң жағы – 18 мм, үстіңгі жағы – 20 мм, астыңғы жағы – 25 мм.

5) Міндетті түрде КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының С қосымшасына сәйкес титулдық бет жасалады. (Есептеу-графикалық жұмыстың титул парағының үлгісі).

6) Жұмыстың соңында әдебиеттер, интернет қорларының тізімі және сілтемелер берілуі қажет. Әдебиеттер тізімі КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының Б қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

7) Сілтемелердің интернет қорлардан алынған мерзімі нақты көрсетіледі. www.yandex.ru или www.google.ru түріндегі сілтемелер дұрыс емес деп есептеледі.

8) Студенттің семестрлік жұмысының көшірме екендігі анықталған жағдайда оқытушы қайта тапсыруға рұқсат берместен, «қанағаттанғысыз» деп бағалауға дейінгі шара қолдануы мүмкін.

№ 1 Студенттің семестрлік жұмысы

Тақырыбы: жағдаяттық диалог.

Мақсаты: білім алушының кәсіби әрекеті барысында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға байланысты диалог құрастыра білуі.

Тапсырма: оқытушы ұсынған нұсқалардың тақырыптарын негізге ала отырып, жағдаяттық диалог құрастыру.

Қойылатын талап: жұмыс көлемі – әр сөйлеушіден 15-20 реплика. Диалогтар кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік салаларға байланысты қатысымдық жағдаяттарға негіздей құрылады. Тапсырманы жұп болып орындауға да болады. Жұптарды оқытушы ұсынады.

Жағдаяттық диалогты құрастыру барысында төменде берілген тұрақты сөйлеу формулалары және диалогтың түрлерін пайдалану ұсынылады.

Тұрақты сөйлеу формулалары:

СҰХБАТТЫ БАСТАУ

Менің ойымша, біз әңгімемізді келесі мәселені талқылаудан бастағанымыз дұрыс сияқты...

Бүгін мен белгілі мәселелерді қайтадан талқылауды ұсынамын...

Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден талқылайтын мәселемізге көшсек...

Әңгімемізді біз талқылаудан бастасақ.

Менің сізбен кездесуге келген себебім....

Біз әңгімемізді мені көптен толғандырып жүрген мәселеден бастасақ.

Осыған дейін арамызда болған келісімге сәйкес, әңгімемізді ... қарастырудан бастағанымыз дұрыс болар деп ойлаймын.

КЕЛІСКЕНДІ НЕМЕСЕ ҚҰПТАҒАНДЫ БІЛДІРУ

Сіздердің шарттарыңыз бізді толық қанағаттандырады.

Бұл ойыңызға біз қарсы емеспіз.

Біз келісімге келе аламыз деп ойлаймын.

Мен сіздің көзқарасыңызды толық құптаймын.

Біздің бұл пікіріңізге қарсы айтарымыз жоқ.

Бұл, біздің ойымызша өте жақсы идея.

Мен сіздің пікіріңізбен толық келісемін.

... туралы менің көзқарасым сіздікімен толық сәйкес келеді.

Тұтастай алғанда сіздің шарттарыңызды толық қабылдауға болады.

Жалпы біз келісімге келдік деп есептеуге болады.

ӨЗ КӨЗҚАРАСЫН ҚОРҒАУҒА ТЫРЫСУ

Мен бұл бапты басқа көзқарас тұрғысынан қайтадан талқылауды ұсынамын.

Біз осы мәселені басқа қырынан қарастырып көрейікші.

Мен сізден осы сұраққа қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді.

Біз әңгімеміздің негізгі тақырыбынан біршама ауытқып кеткен сияқтымыз.

Осындай себептерге байланысты, осыған дейін қарастырған баптардың бірқатарына қайта оралуды ұсынамын.

Мен бұл мәселені шешудің басқа жолын көріп тұрмын, сол себепті түсініктеме бере кеткім келеді...

Талқылағалы отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп ойлаймын.

Мен ... туралы мәселені қайта қарастырудың қажеттігі жайында айтқым келеді.

Мүмкін, осы мәселеге қатысты сарапшылардың қорытындысы сізді қызықтыратын шығар.

ӨТІНІШТІ БІЛДІРУ

Егер келіссеніз, біз сізге қарыздар болар едік...

Сіз осылай істей алмайсыз ба...

Сізге қиын болмаса...

Сізге ауыр тимесе...

Мен сізге риза болар едім, егер...

Біз сіздің көмектесе алатындығыңызға сенеміз...

Мен сізден ... сұрағым келеді

Сіздің тарапыңыздан үлкен көмек болар еді, егер...

БЕЛГІСІЗДІКТІ НЕМЕСЕ КҮДІКТІ БІЛДІРУ

Бұл мәселеге байланысты пікірім толық қалыптысып болған жоқ.

Кейбір мәселелер мені қатты күдіктендіреді.

Менде айтқандарыңыздың нақтылығына сенімсіздік тудыратын мәліметтер болғандықтан, сіздің мына мәселелерді анықтауыңызды өтінер едім.

Кейбір мәселелерге байланысты сіздің ойыңызды толық түсіне алмадым.

Осының қажеттілігі жайлы үлкен күдігім бар.

Менің ойымша мұндай шешімді қабылдауға әлі ерте сияқты.

Мен бұл мәселенің басқаша шешілгенін қалар едім.

КЕЛІСПЕУШЛІКТІ, ҚАБЫЛДАЙ АЛМАУДЫ БІЛДІРУ

Тұтастай алғанда сіздің ұсынысыңызды қабылдауға болады, бірақ...

Біздің көзқарасымыз сіздікінен біршама бөлектеу.

Біз бұл мәселеге басқа түсінік тұрғысынан қараймыз.

Жалпы сіздің ұсыныстарыңыздың көпшілігімен келісеміз, бірақ біздің бірнеше ұсыныстарымыз бен ескертулеріміз бар.

Сіздің нұсқаңызбен келісу оңай емес, себебі оны іске асырудың белгілі бір қиыншылықтары бар.

Бізді сіз ұсынған шарттар толықтай қанағаттандыра алмайды.

Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің өтінішіңізді қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Өкінішке орай, біз сіздің шартыңызды қабылдай алмаймыз.

Біз сіздің осы мәселені көтеруге көп күш салғаныңызға ризашылықпен қараймыз, бірақ біз келісе алмайтындығымызды білдіруге мәжбүрміз.

НАҚТЫ ЖАУАП БЕРМЕУГЕ ТЫРЫСУ

Сіздің сұрағыңызға нақты жауап беру қиын, себебі...

Аталған мәселеге тек қана жалпылама түрде ғана жауап беруге болады.

Мен оның жалпы сұлбасын ғана шамалаймын.

Маған ол туралы айту қиын.

Мен сізге толық жауап беруге қиналамын.

Өкінішке орай, ол туралы біздің толық мәліметіміз болмай тұр.

Біз ол туралы білмейміз, сол себепті көтерілген мәселе жайлы нақты ешнәрсе айта алмаймыз.

СҰХБАТТЫ АЯҚТАУ

Сонымен, біз әңгімеіміздің соңына жақындап келеміз.

Кәне, біздің келісімдеріміздің қорытындысын шығарайық.

Сұхбаттың қорытындысы ретінде менің айтқым келгені...

Менің байқауымша, біз бүгінгі сұрақтардың бәрін қарастырып болдық.

Меніңше ... мәселесін шешілді деп есептеуге болады.

Сіздерге бүгінгі талқылауға қатысқандарыңыз үшін біздің фирмамыздың атынан алғыс білдіріп, болашақ әріптестігіміздің сәтті болатындығына сенім білдіруге рұқсат етіңіздер.

Талқылауға қатысуға уақыт бөлгендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Менің ойымша сіздер өз шешімдеріңізге риза боларсыздар.

Диалогтың түрлері:

а) диалогтық сұхбат (разговор) – бір тақырыпқа арналған қысқа уақыттық әңгіме;

б) диалогтық әңгіме (беседа) – шешім қабылдау мақсатында мәліметтермен бөлісіп, оқиғаға немесе жағдайға қатысты өз көзқарастарын білдіру;

в) келіссөз (переговор) – мәмілеге келу мақсатында белгілі бір мәселені талқылау;

г) интервью – баспасөз, радио, теледидар журналистері жүргізетін әңгіме;

д) пікірсайыс (дискуссия);

е) іскерлік – тікелей «жанды» диалог;

ж) телефонмен әңгімелесу – вербалды әңгіме.

Жағдаяттық диалогты құрастыру үлгісі

Жағдаят: сіз басшысыз. Жұмыстан шыққысы келетін қызметкердің арызына қол қоюдан бұрын оны шақыртасыз. Сіз оның кетуіне қарсысыз. Себебін біліп, оны орнында қалдыруға үгіттеңіз.

Қызметкер – Сәлеметсіз бе, Сұлтан Асқарұлы!

Басшы – Сәлеметсіз бе, Айжан Сабырқызы! Отырыңыз! Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден негізгі мәселеге көшсек. Сіздің жұмыстан өз еркіңізбен кетуіңіздің себебі қандай?

Қызметкер – Маған ол туралы айту қиын. Сұрағыңызға жауап берудің қажеттілігі жайлы үлкен күдігім бар.

Басшы – Біз осы мәселені басқа қырынан қарастырып көрейікші. Сіз тәжірибесі мол білікті мамансыз. Сіздей жұмыскердің кетуі – біз үшін ауыр жағдай. Жиырма жыл еңбек еткен ұжымыңыздан кету сізге де оңай емес шығар?

Қызметкер – Өкінішке орай, мен шешім қабылдадым. Мен сіздің маған алаңдаушылық білдіргеніңізге ризашылықпен қараймын, бірақ жұмыстан кетуге мәжбүрмін.

Басшы – Мен сізден неге арыз жазғаныңызды ашып айтуыңызды сұрағым келеді. Басқа жұмыс таптыңыз ба?

Қызметкер – Мен отбасылық жағдайыма байланысты жұмыстан шығамын деп арыз бердім. Балам биыл университеттің ақылы бөліміне оқуға түсті. Мен оның оқуының ақшасын төлеуім керек қой. Жалақым аздық етеді,

сол себепті айлығы осы жерге қарағанда екі есе көп жұмысқа орналасатын болдым.

Басшы – Сіздің әрекетіңіз енді түсінікті болды. Мен сіздің көзқарасыңызды толық құптаймын. Дегенмен мен сізден осы шешіміңізге қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді. Айтып отырған мекемеңіз жекеменшік пе? Онда келісімшарт қанша уақытқа жасалады?

Қызметкер – Жекеменшік фирма. Алдымен екі ай сынақ мерзімі болады. Сосын үш жылға келісімшарт жасаймыз деген.

Басшы – Айжан Сабырқызы! Әрине, сіздің өмірлік тәжірибеңіз бар, әрбір жағдайды ой елегінен өткізе білетін парасатты жансыз. Алайда талқылап отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп ойлаймын. Жекеменшік фирманың ертеңі белгісіз. Онда жалақы уақытылы берілетініне де күмәндануға болады.

Қызметкер – Менің бұл пікіріңізге қарсы айтарым жоқ. Өкінішке орай, менің басқа амалым қалмады. Әрине, осы жердегі әріптестерімді, үйренген қызметімді мен қимаймын.

Басшы – Тағы да қайталап айтқым келеді: біз сіздей өз ісіне адал, ортасына сыйлы, жауапкершілігі мол қызметкерді мақтаныш етеміз. Жас мамандар үшін сіз таптырмас ұстазсыз. Сіз бізге керексіз.

Қызметкер – Мен сізге және әріптестеріме ризашылығымды білдіремін. Менің кетуімнің себебін дұрыс түсінгендеріңізді қалаймын.

Басшы – Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің мәселеңізді жақын арада шешуге мүмкіндік бермейді. Алайда үш-төрт айдан кейін бізде жаңадан бөлім ашылады. Сіз бөлім меңгерушісі лауазымына әбден лайықтысыз. Бөлім меңгерушісінің жалақысы жоғары. Оған жұмысының нәтижесіне қарай сыйақы да беріледі. Осы ұсынысыма қалай қарайсыз?

Қызметкер – Сіздің ұсыныңыз мені қызықтырады. Бұл ойыңызға мен қарсы емеспін.

Басшы – Біз келісімге келдік деп ойлаймын. Менімше, мәселе шешілді деп есептеуге болады. Сізге менің сөздеріме құлақ асып, шешіміңізді өзгерткеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Сұрақтарыңыз бар ма?

Қызметкер – Менде сұрақ жоқ. Түсіністік танытып, қолдау көрсеткеніңізге алғысым шексіз. Келешекте қойған талаптарыңызды орындап, сеніміңізді ақтауға тырысамын.

Басшы – Сізге еңбекте табыс, ісіңізде сәттілік тілеймін. Егер қиындықтар болса, келіңіз, біз сізден көмегімізді аямаймыз.

Қызметкер – Рақмет, сау болыңыз!

Басшы – Сау болыңыз!

Жағдаят нұсқалары

1 нұсқа

Сіз «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Президентісіз. Сіз ұйымдық-бақылау басқармасының бас маманымен «Қазақстан Республикасы Жерді қашықтықтан зондтау жүйесін құру» жобасының міндеттері мен оның мақсаттары туралы әңгімелесесіз.

2 нұсқа

Зертханада. Сіз кіші ғылыми қызметкерсіз. Жұмыстан өз өтінішіңіз бойынша шыққалы жатырсыз. Орныңызға магистратураны жаңадан бітіріп келген қызметкер жұмыс істемек. Оған қауіпсіздік техникасын (химиялық құралдармен, электр жабдықтарымен жұмыс істеу) түсіндіріп, сұрақтарына жауап беріңіз.

3 нұсқа

Ұялы желілер және сымсыз рұқсат ету жүйелерінің ерекшеліктері жайында екі маман сұхбаттасады. Әңгімеге арқау болған тақырып: жер үстіндегі жылжымалы байланыс жүйелерінің бірінші және екінші буындарының өзіндік ерекшеліктері.

4 нұсқа

Сіз АЭЖБУ журналы «Әнтелдің» тілшісісіз. Есімі елге әйгілі ғарышкерден интервью аласыз. Сізге оның аты-жөні ғана таныс, бірақ қалай атақты тұлға болғаны белгісіз. Әңгіме барысында ғарышкердің өмірбаяны, жастық шағы, студенттік кезеңі, ғарышкерлер тобына қабылдануы, алғашқы ұшуы, ғарыштық зерттеулерден қандай нәтиже күтетіндігі жайлы мәліметтер алуға тырысасыз.

5 нұсқа

Екі әріптес ғаламтордың зияны мен пайдасы жайында пікірлеседі.

6 нұсқа

Екі әріптес кітапханада кездесіп, нанотехнологияның болашағы жөнінде пікірлеседі.

7 нұсқа

Сіз «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша білім алып жатқан студентсіз. Басқа мамандықта оқитын досыңызбен өз мамандығыңыздың артықшылықтары туралы айтып, сөз жарыстырыңыз.

Досыңыздың сіздің мамандығыңыздың бүгінгі және болашағы жайлы айтқан пікірлерін қостап немесе жоққа шығарып, тақырыпты ары қарай дамытыңыз.

8 нұсқа

Сіз АЭЖБУ қабылдау комиссиясының мүшесісіз. Университетке оқуға тапсыруға келген абитуриент сізден әрбір мамандықтың ерекшелігі жайлы мәліметтерді білгісі келеді. Сұрақтарына жауап беріп, оқу орнын жақсы жағынан көрсетуге тырысыңыз.

9 нұсқа

Сіз мекемеде директорсыз. Орынбасарыңызды шақырып, айлық жоспардың не себепті орындалмағандығы және бұл мәселені қалай шешуге болатындығы жайлы әңгімелесіңіз. Әңгіме ғарыштық аппараттардың бөлшектерін жасайтын кәсіпорынға қатысты жүруі тиіс. Диалогта ғарыштық аппараттың бөлшектеріне, олардың атауларына, жасалу технологиясына қатысты сөздер болуы керек.

10 нұсқа

Сіз компания президентісіз. Шетелдік компанияның қызметкеріне сіздермен бірігіп жұмыс істеудің қажеттігін айтып, мұндай бірлескен еңбектің тиімді болатындығына серіктесіңіздің көзін жеткізіңіз.

11 нұсқа

Сіз белгілі шетелдік компаниядан келген өкілсіз. Сіздің міндетіңіз – бірлесіп жұмыс істеуді ұсынып отырған компания жайында толық мәлімет алып, компанияның артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылай келіп, шешім қабылдау.

12 нұсқа

Сіз жас мамансыз. Алғашқы жұмыс күнінде жанадан келген маман ретінде ұжыммен танысуыңыз керек. Әуелі басшылықпен немесе ұжым жетекшісімен жақынырақ танысып, негізгі міндеттеріңізді анықтап алыңыз.

13 нұсқа

Сіз ғарыш айлағында, ғарыш зымыранын ұшуға дайындайтын бөлімнің бас маманысыз. Алдағы күндері ұшуға қойылған зымыранды отынмен толтыруға тиіссіздер. Қызметкеріңіздің біреуімен осы жұмысты қалай

орындау керектігі, қандай отын қажеттігі, оның ерекшелігі және осы істі неден бастап, немен аяқтау керектігі жайында пікірлесесіз.

14 нұсқа

Сіз «Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» атты семинарға қатыстыңыз. Семинарда көтерілген мәселе төңірегінде әріптестеріңізбен ой бөлісіңіз.

15 нұсқа

Байқоңыр ғарыш аймағының экологиялық мәселелері және оны шешу жолдары туралы эколог маманмен әңгімелесіңіз.

16 нұсқа

Сіз «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та білім алып жатқан магистрантсыз. Бұл елде көптеген қиындықтармен кездесіп, қиналып жүрсіз. Сондықтан сіз бәрін тастап еліңізге кетуге бел байладыңыз. Шешіміңіздің дұрыс екендігіне көз жеткізу үшін басқа магистрантпен әңгімелесіңіз.

17 нұсқа

Сіз АЭЖБУ студентісіз. Сізге Алатаудың бауырындағы қалада тұрып өмір сүру де, оқу да ұнайды. Сіздің міндетіңіз – Алматыда оқудың болашақ үшін өте тиімді, үйренетін нәрсе көп екендігін айтып жоғары білім алғысы келетін сыныптасыңызды АЭЖБУ-ге оқуға шақыру.

18 нұсқа

Сіз әріптесіңізбен тендер жайында әңгімелесіп отырсыз. Әріптесіңіз тендерге қатысты естіген жаңалығын айтып, оған көңілі толмайтынын білдірді. Сіз бұл жаңалықты естіген-естімегеніңізді айтып, тендерді ұтып алу жолдарын түсіндіріп, тендер туралы өз ойыңызды білдіріңіз.

19 нұсқа

Сіз тәжірибе алмасу мақсатында шетелге бардыңыз. Шетелдік әріптесіңізбен орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері төңірегінде ой бөлісіңіз.

20 нұсқа

Қазақстаннан келген әріптесіңіз сізден шетелден инвестиция тартудың қыр-сыры туралы айтып беруді өтінді. Әріптесіңізбен білім саласына инвестиция тартудың ерекшелігі жайлы сұхбат жүргізіңіз.

21 нұсқа

Сіз «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша оқытын АЭЖБУ студентісіз. Ғарыштық аппараттар жайлы білгісі келетін досыңызбен ұшу, ұшыру технологиясы, техникасы жайлы, оның ішінде гироскоптың тарихы, қолданылу саласы, болашағы жайында әңгімелесесіз.

22 нұсқа

Ғарыш аппараттарын жобалау және өндірудің өзекті мәселелерін шешуге қабілетті қазіргі заманға сай жоғары білімді мамандарды дайындау төңірегінде ЖОО-ның ректорымен тілші сұхбаты.

23 нұсқа

Топтағы досыңызбен «Болашақ маман қандай болу керек?» деген тақырыпта пікір алмасыңыз.

24 нұсқа

Өз мамандығыңызға байланысты ашылған ғылыми жаңалықтар төңірегінде оқытушыңызбен сұхбаттасыңыз.

25 нұсқа

Өзіңіз жұмыс істейтін кәсіпорын туралы әріптесіңізбен сұхбаттасыңыз.

26 нұсқа

Асқар «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алады. Әли Алматыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқиды. Олар қысқы демалыста Алматыда кездесіп, Қазақстанда жұмысқа орналасу мәселесінің қиындығы және оқуды бітіргеннен кейін қайда орналасатындары жайында пікірлеседі.

27 нұсқа

Сіз «Ұлттық ғарыштық зерттеу және технологиялар орталығы» АҚ-ның басшысымен «Қазақстан Республикасының жоғары дәлдікті спутниктік

навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын құру» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар туралы әңгімелесіңіз.

28 нұсқа

Болашақ мамандар 2017 жылы Астанада өтетін «ЭКСПО - 2017» халықаралық көрмесін ұйымдастыру мәселелері және бұл көрменің бізге беретін пайдалы жақтарын талқылайды.

29 нұсқа

«Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығында оқитын екі студент «Хаббл» ғарыштық телескопы жайында пікірлеседі.

30 нұсқа

Екі студент компьютердің пайдалы және зиянды жақтары жайында ұзақ талқылайды.

№ 1 студенттің семестрлік жұмысын орындауға ұсынылатын әдебиеттер

1 Мухамадиева Н. Искерлік қазақ тілі: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2010. – 152 б.

2 Тілембекова А., Төлеуп М. Қазақ тілі-2. Искерік қарым-қатынас: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 82 б.

3 Төлеуп М.М. Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБИ, 2004. – 77 б.

4 Төлеуп М.М., Советова З.С. Қазақ тілі: Техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 192 б.

5 Тілешов Е.Е. Искери қазақ тілі: оқу құралы құжат тілін мемлекеттік тілде жүргізетін азаматтарға және өзге тіл үйренушілерге арналады. Деловой казахский язык: учебное пособие/ Е. Е. Тілешов, Ж. А. Тұрлыбекова, Ұ. К. Каюпова; Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі. - Астана: Руханият, 2014. – 208 б.

6 Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы. - Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2011. – 400 б.

7 Әлметова Ә.С. Қазақ тілі: Негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық./ Ә.С. Әлметова, Ж.Қ.Дөркенбаева, Л.Ж.Хамимұльдинова. – Алматы, 2015. – 232 б.

8 Нурмаханова М. К. Русский язык для бакалавриата всех специальностей: Учебное пособие. – Алматы: АУЭС, 2014. – 95 с.

9 Қарабаева Х. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 148 б.

10 Шәрібжанова Ғ. Қазақ тілі. Техникалық жоғары оқу орындары үшін жаттығулар мен тапсырмалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 87 б.

№ 2 студенттің семестрлік жұмысы

Тақырыбы: мамандыққа қатысты терминдер.

Мақсаты: кәсіби лексиканы қалыптастыруға қатысты терминдердің баламасын тауып, олардың мағынасын екі тілде түсіндіре білу.

Тапсырма:

1) Төменде берілген мамандыққа қатысты терминдердің орысша баламасын тауып, олардың екі тілдегі түсіндірмесін беру.

Қойылатын талап: түсіндірме сөздіктің көлемі - 20 термин мен терминдік бірлік; олар әрбір бағдарлама тақырыптарын қамтуы керек.

2) Өз нұсқаңызда берілген терминдерді пайдаланып, ғылыми стильде шағын мәтін құрастырыңыз.

Қойылатын талап: мәтіннің көлемі – 80-90 сөз.

2-семестрлік жұмысты орындаудың үлгісі

Терминдер мен терминдік бірліктер тізімінің нұсқасы:

- 1) ай
- 2) ғарыш
- 3) ғарыштық эра
- 4) ғарыштық радиобайланыс
- 5) жер
- 6) жер маңындағы орбита
- 7) жер серігі
- 8) жерсеріктік жүйе
- 9) күн батареясы
- 10) орбита
- 11) геостационарлық орбита
- 12) радиобайланыс
- 13) радиолокациялық байланыс
- 14) радиотолқын
- 15) сәуле
- 16) сәуле түсіргіш
- 17) ретранслятор
- 18) пассивтік ретранслятор
- 19) іздеу-құтқару кешені
- 20) шалаөткізгішті түзеткіш диод

Түсіндірме сөздік

№	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1	<p>Ай – Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі. Ол Жерді эллипстік орбита бойымен (1,02 км/сек жылдамдықпен. айналады. Жер мен Ай арасындағы орташа қашықтық 384 500 км. Ай орбитасы жазықтығы мен Жердің Күнді айнала қозғалу жазықтығының арасындағы бұрыш 50-қа жуық.</p>	<p>Луна́ – естественный спутник Земли. Самый близкий к Солнцу спутник планеты, так как у ближайших к Солнцу планет, Меркурия и Венеры, спутников нет. Второй по яркости [комм. 1] объект на земном небосводе после Солнца и пятый по величине естественный спутник планеты Солнечной системы.</p>
2	<p>Ғарыш – жер атмосферасынан тыс жатқан барлық шексіз кеңістік. Жердің өзі де космостың бір бөлігі болып табылады.</p>	<p>Космос – все то безграничное пространство, которое открывается за пределами земной атмосферы. Сама Земля является частью космоса</p>
3	<p>Ғарыштық эра – 1957 жылдың 4 қазанында, сағат 22 – ден 28 минут 34 секунд (Москва уақытымен. кеткенде «Төретам» ғылыми – зерттеу полигонынан (кейіннен ол «Байқоңыр» ғарыш айлағына айналды. біздің планетамыздың ғарыштық эрасын ашқан, Жердің алғашқы жасанды жер серігін орбитаға алып шыққан зымыран ұшты. Осы күннен бастап жердің ғарыштық эрасы басталды.</p>	<p>Космическую эра – 4 октября 1957 года в 22 часа 28 минут 34 секунды (по московскому времени. с научно-исследовательского полигона «Төретам» (впоследствии он превращен в космодром «Байқоңыр»). стартовала ракета, доставившая на орбиту первый искусственный спутник Земли, который открыл для нашей планеты космическую эру.</p>

* Кесте әрі қарай жалғастырылады (ұсынылған нұсқадағы 20 термин мен терминдік бірліктер толық қамтылуы тиіс).

Нұсқада берілген терминдерді пайдаланып құрастырылған мәтін

Жерсеріктік байланыстың бастау идеялары белгісіз. Бірақ синхрондық

немесе геостационарлық жерсерік идеясын Артур Кларк ұсынған. Ол геостационарлық орбиталарды жер маңындағы хабарларды таратуға қолдануды ұсынды. Кларк ғарышта күн батареяларынан электр энергиясын алудың мүмкіндігін болжады. Ойдың іске асуы тек ғарыштық эра басталып, 1957 жылдың қазан айында КСРО бірінші рет жердің жасанды серігін жібергеннен кейін мүмкін болды.

Ғарыштық радиобайланыс Жер орбитасына ең алғаш жер серігін шығарудан бұрын пайда болған. Бұл пассивті радиобайланыс болды, яғни қандай да бір бөгеттерден сәуленің түсуін радиотолқындардың қабылдауы еді. Ол кезде ең қолжетімді сәуле түсіргіш Ай еді. Айдан келген радиолокациялық сәулелерді қабылдау және оларды байланыс орнатуға қолдану мүмкіндігі өткен ғасырдың 40-шы және 50-ші жылдарының соңында бірнеше рет айтылды. 1954 жылы шілдеде АҚШ әскери теңіз күштері ең алғаш Жер - Ай – Жер жолы бойынша телефондық хабарламаларды таратуды жүзеге асырды

1956 ж. – Вашингтон мен Гавай аралдары арасында Айды пассивтік ретранслятор ретінде қолдану жолымен байланыс орнатылды.

Терминдер мен терминдік бірліктер тізімінің нұсқалары

1 нұсқа

1. Аэронавигациялық байланыс
2. Әуе байланысының жол тірегі
3. Вакуумдық тозаңдату
4. Екіжақты арна
5. Жад адресі
6. Зымыран
7. Қабылдағыш антенна
8. Магистральды байланыс
9. Навигациялық жүйе
10. Өздігінен тежелу
11. Өзі жазғыш
12. Өткізгішсіз желі
13. Сақиналық лазер
14. Телескоп
15. Табалдырықтық кернеу
16. Фаза ауытқуы
17. Шағылысқан импульс
18. Шоқ апертурасы
19. Эквипотенциал бет
20. Ядролық энергия

2 нұсқа

1. Аспаппен навигациялау
2. Әуе байланыс жолы
3. Вакуумдық диод
4. Ғаламшар
5. Екіжақты байланыс
6. Жад сыйымдылығы
7. Зондтау
8. Көрінетін сәулелі диод
9. «қара жәшік»
10. Магистральды желі
11. Навигациялық сызғыш
12. Өлшеуіш шлейф
13. Сақиналық модулятор
14. Табалдырықтық шама
15. Уақыт бойынша тығыздау арнасы
16. Фаза кешігуі
17. Шағылысқан сигнал қарқындылығы
18. Шотки диоды
19. Экран жарықтылығы
20. Электр өрісінің кернеулігі

3 нұсқа

1. Ақ-қара түсті монитор
2. Әрекет радиусы
3. Вакуумдық фотоэлемент
4. Жоғары жиілікті диод
5. Жад матрицасы
6. Зондтаушы антенна
7. Екіжартыпериодтық түзеткіш
8. Қашықтан байланысу арнасы
9. Магистральдық байланыс жолы
10. Нақтылы уақыт режиміндегі жұмыс
11. Өрісі дөңгелек поляризациялы антенна
12. Сақиналық резонатор
13. Тактылық импульстер генераторы
14. Ұшу сұлбасы
15. Уақыт бойынша өзгеру
16. Іздеу-құтқару кешені
17. Фаза-импульстік модуляция
18. Шағылысқан сигнал қуаты

19. Шотки құбылысы
20. Экрандалған кабель

4 нұсқа

1. Апогей нүктесі
2. Акустикалық локация
3. Әрекет ұзақтығы
4. Вертикаль поляризацияланған толқын
5. Екі қайтара модуляциялау
6. Жердің беткі қабаты
7. Зондтаушы импульс
8. Қашықтан бақылау
9. Магнетронды генератор
10. Негізгі тасымалдаушы
11. Өшіруші электрондық сәуле
12. Оқшаулағыш түтікше
13. Салқын заряд шығару
14. Старттық кешен
15. Тактылық импульстерді тарату
16. Уақыт бойынша шашырау
17. Фазасызгіш түзеткіш
18. Шағылыстырғыш апертурасы
19. Шуыл
20. Экрандалған тізбек

5 нұсқа

1. Акустикалық биіктік өлшегіш
2. Активті жиілікті түрлендіргіш
3. Бағдарды анықтау
4. Вакуум
5. Екі қайтара шағылысу
6. Жедел жерсеріктік байланыс
7. Зиянды сәуле шығару
8. Күн элементтері
9. Қашықтан торуылдау
10. Магнетронды таратқыш
11. Нобайлап баптау
12. Өшіру кернеуі
13. Сәуле ағыны
14. Талшықты-оптикалық ауыстырып-қосқыш
15. Уақыт-импульстік түрлендіргіш

16. Феррит өзекше
17. Шағылыстырғыштық клистрон
18. «ақ» шуыл
19. Циклді жиілікті бөлгіш
20. Экрандаушы тор

6 нұсқа

1. Айнала шолу радиолокаторы
2. Әуе шары
3. Байланыс жолының кесіндісі
4. Вакуумметр
5. Геоостационарлық ғарыштық аппарат
6. Екіконтурлы автогенератор
7. Желілік орта
8. Зиянды тербеліс
9. Күннің максимум сәулеленуі
10. Қорғаушы экран
11. Магнетрон жиілігі
12. Номинал жүктеме
13. Пайдалы әсер коэффициенті (пәк.
14. Сәуле жолдары
15. Талшықтық оптика
16. Уақытпен тығыздап тарату
17. Ферромагнит зат
18. Шалаөткізгішті лазер
19. Шуыл генераторы
20. Электрвакуумдық аспап

7 нұсқа

1. Азимутпен бағыттау
2. Байланыс жолын тығыздау
3. Варикап сыйымдылығы
4. Екілік жазба
5. Жердің жасанды серігі
6. Зиянды сигнал
7. Күшейткіш сезгіштігі
8. Қоректендіру көзі
9. Магнетрон
10. Нүктелік диод
11. Пайдалы сигнал амплитудасы
12. Сәуле шығарғыш

13. Таңбалар генераторы
14. Тарату арнасы
15. Тікұшақ
16. Уақыттық бөліну
17. Фликкер-құбылыс
18. Шалаөткізгішті мазер
19. Шуыл кернеуін өлшеуіш
20. Электрқозғалтқыш

8 нұсқа

1. Азимутты анықтау
2. Байланыс жолының тармақталуы
3. Гибридті интегралдық микросхема
4. Екінші реттік электрондық заряд шығару
5. Жергілікті басқару кешені
6. Жылдамдық векторы
7. Жергілікті арнайы кешен
8. Қосарланған антенна
9. Магнит бастиек
10. Нысана азимуты
11. Параболалық айна
12. Сәуле шығарғыш
13. Түзеткіш диод
14. Техникалық кешен
15. Уақыттық диаграмма
16. Фокустаушы жүйе
17. Шалаөткізгішті тілік
18. Шуыл қуаты
19. Экспоненциалдық өшу
20. Электрқозғаушы күш (эқк).

9 нұсқа

1. Азимуттық бағыт
2. Байланыс жүйесінің тиянақтылығы
3. Ғарыштық байланыс
4. Екінші реттік заряд шығару коэффициенті
5. Жерсерігінің белгіленген бойлық нүктесі
6. Жерді қашықтан зондтау
7. Жарық сезгіштік
8. Зиянды сыйымдылық
9. Құрал-саймандық түзетпе

10. Магнит бастиектің өзекшесі
11. Нысана торуылдау
12. Параболалық рефлектор
13. Старттық кешен
14. Транкинкті радиобайланыс
15. Термоэмиссиондық түрлендіргіш
16. Ультрадыбыстық ақау көрсеткіш
17. Фокустаушы электрод
18. Шалаөткізгішті элемент
19. Шығындар бұрышының тангенсі
20. Электролюминесценция

10 нұсқа

1. Азимуттық жаймалау
2. Байланыс қашықтығы
3. Ғарыштық байланыс жолы
4. Кіріс кедергісі
5. Кернеу тұрақтандырғышы
6. Екісәулелі антенна
7. Жұлдыз
8. Зәкір
9. Құрастыру технологиясы
10. Магнит қабыршақтағы жад
11. Нысанаға ілесу қашықтығы
12. Параболалық рефлекторлы антенна
13. Сымсыз рұқсат ету жүйесі
14. Транзисторлы жиілікті түрлендіргіш
15. Төмен орбиталды автоматты ғарыш аппараты
16. Ультрадыбыстық генератор
17. Фононды мазер
18. Шалаөткізгіштік вентиль
19. Шығыс сигналын шектеу
20. Электромагниттік сәуле шығару

11 нұсқа

1. Аэродинамикалық сұлба
2. Азимуттық сәуле
3. Байланыс контуры
4. Ғарыштық бөгеуілдер
5. Екісәулелі осциллограф
6. Жұлдыздар шоғыры

7. Жерсеріктік байланыс
8. Зиянды модуляция
9. Қыздырылма катодты шам
10. Магнит өрісінің кернеулігі
11. Нысаналау бұрышы
12. Парамагниттік мазер
13. Сигнал ұзақтығы
14. Тар сәулелер
15. Телеметриялық аппаратура
16. Ультрадыбыстық толқын
17. Фотоэсер
18. Шалаөткізгіштік реттегіш
19. Шынылы оқшаулау
20. Экватор жазығы

12 нұсқа

1. Айнымалы сыйымдылықты конденсатор
2. Байланыс коэффициенті
3. Ғарыштық навигация
4. Ғарыштану
5. Енгізу кілті
6. Жерсерігінің жолдары
7. Жиілікті бөлгіш
8. Заряд шығарушы бет
9. Қызмет көрсету уақыты
10. Магнит түтікті осциллограф
11. Нысанамен ілесу антеннасы
12. Параметрлер сәйкессіздігі
13. Планетарлық беріліс
14. Сақтандырғыш
15. Тікұшақ
16. Ультрадыбыстық толқынжол
17. Фотодиод
18. Шалаөткізгіштік фотоэлемент
19. Шыныталшықты бумасым
20. Энергиямен қоректену жүйесі

13 нұсқа

1. Айырғыш конденсатор
2. Байланыс хаттамасы
3. Байланыс арнасы

4. Ғарыштық сәуле шығару
5. Ендік-импульстік модулятор
6. Жазықтық
7. Жақыннан торуылдау
8. Интегралдық микросұлба
9. Қысқатолқынды таратқыш
10. Магнитооптикалық жад
11. Нысананы тану радиолокаторы
12. Параметрлердің үйлесімсіздігі
13. Сұлба
14. Телебақылау сигналы
15. Ультражоғары жиіліктер
16. Фотолюминесценция
17. Шалаөткізгіштің біртекті еместігі
18. Шындық вольтметр
19. Электрондық қондырғы
20. Электрондық кесте

14 нұсқа

1. «ақ шуыл» текті бөгеуілдер
2. Аналогты жүйе
3. Байланысты орнату
4. Ғарыштық аппарат
5. Ғаламдық желі
6. Ендік-импульстік модуляция
7. Жалғау орталығы
8. Жалғаушы импульс
9. Интегралдық сұлба
10. Қысқатолқындық антенна
11. Лампалық күшейткіш
12. Магнитооптикалық диск
13. Нысандарды бақылау
14. Параметрлері шашыраңқы жол
15. Сәуле ауытқуы
16. Ультракүлгін сәуле шығару
17. Фоторефракция құбылысы
18. Шашыраңқы шағылысу
19. Шындық кернеу өлшеуіші
20. Экватор

15 нұсқа

1. Алгоритмдік модель
2. Бақылау аумағы
3. Бөгеуілдер қуаты
4. Ғылыми-зерттеу ғарыш аппараттары
5. Ең үлкен ауытқу
6. Жалғаушы станция
7. Жаңғырық
8. Жұлдыз
9. Информация бірлігі
10. Қосымша энергия
11. Магнитөткізгіштік
12. Оқшаулағыш кедергісі
13. Параметрлері шоғырланған жол
14. Сызықтық емес тәуелділік
15. Телемәлімдеу сигналы
16. Ультракүлгін (ук. Спектр
17. Фототиристор
18. Шашыраған қуат
19. Шырша тәрізді антенна
20. Электронды-оптикалық ғарыштық түсірілімдер

16 нұсқа

1. Амплитуда манипуляторы
2. Баптау дәлсіздігі
3. Бөгеуілдер көзі
4. Ғарыш кемесі
5. Есептеу орталығы
6. Жаңғырық бақылау
7. Жаңғырық бөгеуіш
8. Информация көзі
9. Лазер осін туралау
10. Магниттік ауытқу
11. Ондық-қадамдық іздеуіш
12. Параметрлік модулятор
13. Сымсыз байланыс
14. Телемеханика жүйесі
15. Үлгілік толқын өлшегіш
16. Ультракысқа толқын
17. Фотоэқк (электр қозғаушы күш.
18. Шекаралық аймақ
19. Ығу
20. Электродаралық тұйықталу

17 нұсқа

1. Амплитудалы-импульстік модуляция
2. Баптау көрсеткіші
3. Гидрокомпенсатор
4. Ғарыш
5. Есептеуіш машина программасы
6. Жартытолқынды антенна
7. Инфрақызыл локация
8. Құрастыру-сынау кешені
9. Мазер
10. Оптикалық байланыс
11. Пассивті бөгеуіл
12. Пассивті байланыс
13. Сыртқы бөгеуілдер
14. Телеграф байланысы
15. Ультракысқа толқынды таратқыш
16. Фотоэлектрондық заряд шығару
17. Шекаралық аумақ
18. Шолпан
19. Ығыстыру регистрі
20. Электромагниттік бөгеуіл

18 нұсқа

1. Аспан денесі
2. Аналогты - цифрлық түрлендіргіш
3. Баптау шлейфі
4. Ғарыш айлағы
5. Естілу табалдырығы
6. Жартытолқынды сәуле шығарғыш
7. Жердің айналу бағыты
8. Кәбіл талшықтарының есілуі
9. Қабылдау кодының түрлендіргіші
10. Максималь ауытқу
11. Оптикалық қашықтық өлшегіш
12. Периодты емес демодулятор
13. Салқын катодты шам
14. Толқын
15. Ультракүлгін сәуле
16. Фазалық корректор
17. Фотоэлемент сезгіштігі

18. Шекаралық кернеу
19. Ығысу бұрышы
20. Электрондар қозғалысы

19 нұсқа

1. Антенна шағылыстырғышы
2. Амплитудалық корректор
3. Аспан денесі
4. Байланыстың бұзылуы
5. Ғарыштық өлшеу кешені
6. Естілу қашықтығы
7. Жарықдиодты көрсеткіш
8. Кадрлар жиілігі
9. Күн ядросы
10. Құрастыру беттақтайы
11. Манчестер коды
12. Оптикалық сигнал
13. Плазмалық лазер
14. Санап-оқушы құрылғы
15. Төмен жылдамдықты мәліметтерді тарату
16. Ультрадыбыстық аспап
17. Функционалдық интегралдық микросхема
18. Шекаралық қабат сыйымдылығы
19. Ығысу кернеуі
20. Электрондық ажыратқыш

20 нұсқа

1. Антидинатрондық тор
2. Байланыс жолының параметрі
3. Дискретті топтық сигнал
4. Ғарыштық түсірілімдер
5. Естілетін дыбыс
6. Жарықсезгіш бет
7. Каскадаралық байланыс
8. Кеңістік
9. Құрама транзистор
10. Маршрут ұзындығы
11. Оптикалық-талшықты байланыс жолы
12. Потенциалдық шұңқыр тереңдігі
13. Радарлық түсірілімдер
14. Сандық модельдеу

15. Тарату тізбегі
16. Ұжымдық антенна
17. Функционалдық логикалық сұлбалар
18. Шекаралық толқын
19. Ықтимал қате
20. Электрондық атқылау

21 нұсқа

1. Аперидотты процесс
2. Байланыс жиілігі
3. Ғарыштық радиобайланыс
4. Жермен қосу құрылғылары
5. Еріксіз тербеліс
6. Жарықсезгіш зат
7. Көп арналы цифрлық сигнал
8. Үздіксіз қорек көзі
9. Құрастыру сыйымдылығы
10. Құрал-саймандық түзетпе
11. Маршруттық навигация
12. Оптикалық толықтырылатын лазер
13. Проекциялық кинескоп
14. Саңылаулы антенна
15. Ұзын толқындык антенна
- 17 хабар тарату
18. Шектегіш диод
19. Ықтималдық
20. Электрондық бұлт

22 нұсқа

1. Арнааралық бөгеуілдер
2. Байланыс арнасының сыйымдылығы
3. Ғарыштық ұшу механикасы
4. Еріксіз сәуле шығару
5. Жасанды бөгеуілдер
6. Ұшу аппараттары
7. Лазерлік локатор
8. Металқышты кедергі
9. Оптикалық торуылдауыш
10. Оптикалық тарату жүйесі
11. Пьезоэлектрлік бергіш
12. Саңылаулы сәуле шығарғыш

13. Таржолақты байланыс
14. Ұшып өту уақыты
15. Халықаралық телекоммуникация одағы
16. Шектеуші дроссель
17. Шеңберлік антенна
18. Іздеп табу қашықтығы
19. Цифрлық ағын энергиясы
20. Электрондық зеңбірек

23 нұсқа

1. Атмосфералық бөгеуілдер
2. Байланыс арналарының мультиплексоры
3. Дабыл толқын
4. Ең тиімді қабылдағыш
5. Енгізу-шығару арнасы
6. Жедел әрекетті радиобайланыс
7. Ұшуды басқару әдісі
8. Үдеткіш
9. Лазерлік таратқыш
10. Метеорлық байланыс
11. Оптоэлектрондық логикалық сұлбалар
12. Пьезоэлектрлік кристалл
13. Сатылап қосу
14. Тану коды
15. Ұшып өту ұзындығы
16. Ұшу жылдамдығы
17. Цезийлік фотоэлемент
18. Ширатылған толқынжол
19. Іздеу аумағы
20. Электрондық реле

24 нұсқа

1. Атмосфералық бөгеуілдерді басушы
2. Байланыс жолының индуктивтігі
3. Деректер немесе мәліметтер базасы
4. Енгізу-шығару құры
5. Желпуіш тәрізді антенна
6. Лазерлік тозандату
7. Микросұлба
8. Модуляция тереңдігінің өсуі
9. Монокристалды шалаөткізгіш

10. Орбита
11. Радарлық қондырғы
12. Сатылы ауысу
13. Таңбалық сигнал
14. Термоэлектрлік құбылыс
15. Ұқсас сигнал
16. Циклдік код
17. Ширектолқынды антенна
18. Іздеу секторы
19. Фазалық іріктегіш
20. Электрондық шоқтарды қиюластыру

25 нұсқа

1. Атмосфералық жаңғырық
2. Байланыс қызметі
3. Деректер қоры
4. Енгізу-шығару уақыты
5. Жазық толқын
6. Жергілікті бөгеуілдер
7. Кедергілер қорабы
8. Қайтымсыз байланыс
9. Логикалық сұлбалар матрицасы
10. Мнемосхема
11. Мерзімдеуші импульс
12. Оптикалық орта
13. Ракета-тасығыш
14. Сатылы сигнал генераторы
15. Таңдамалы байланыс арнасы
16. Үдеткіш
17. Цифраналогтық түрлендіргіш
18. Ширектолқындық сәуле шығарғыш
19. Ілеспе жүйе
20. Электрондық эмиссия заңы

26 нұсқа

1. Аса үлкен интегралдық сұлба
2. Байланыс шлейфі
3. Борттық цифрлық есептеу машинасы
4. Еркін тербеліс
5. Жердегі антенна
6. Кездейсоқ бөгеуілдер

7. Күшейткіш үнемділігі
8. Жазық толқын
9. Лүпілдер генераторы
10. Мәліметтер базасы
11. Отын қоры
12. Радиотолқын
13. Сәйкестіктер сұлбасы
14. Тараймақты шалаөткізгіш
15. Үдетуші анод
16. Цифрлық байланыс арнасы
17. Шифраторлық матрица
18. Ілеспе реттеу
19. Электростатикалық фокустау
20. Эмиттер сыйымдылығы

27 нұсқа

1. Арналардың үлестірілуі
2. Балама сұлба
3. Дыбыс толқыны
4. Екінші реттік-электрондық көбейткіш
5. Жерсеріктік байланыс
6. Кеңаймақты шалаөткізгіш
7. Лүпілдеу жиілігі
8. Лүпілді толқын
9. Мультиплексорлар
10. Мультиспектрлік түсірілім
11. Орталықтандырылған байланыс жүйесі
12. Радикұбыр
13. Сәуле ауытқуы
14. Таржолақты контур
15. Үдетуші импульс
16. Цифрлық биіктік өлшегіш
17. Цифрлық модуляция
18. Шиырма антенна
19. Ілесу радиолокаторы
20. Энергиялық сыйымдылық

28 нұсқа

1. Апаттық ажыратқыш
2. Автоматты радиоторуылдауыш
3. Бақылау құрылғысы

4. Ғарыштық ғылыми зерттеулер
5. Деректер тарату аппаратурасы
6. Жиіліктер спектрі
7. Жер сегменті
8. Кеңжолақты арна
9. Лүпілдеу коэффициенті
10. Модульденетін кернеу
11. Осьті бұрыштық туралау
12. Ракеталық жанармай
13. Сәуле осін туралау
14. Тасымалдаушы жиілік ауытқуы
15. Үйлестірілген тарату жолы
16. Ұшу трассасы
17. Цифрлық жиілік өлшеуіш
18. Шиырмалы толқынжол
19. Іріктелетін байланыс жолы
20. Эпитаксиаль транзистор

29 нұсқа

1. Апаттық байланыс
2. Бақылау ұясы
3. Ғарыштық телескоп
4. Деректерді түрлендіргіш
5. Екілік бірлігі
6. Жиіліктер торы
7. Жиіліктік орбиталық ресурс
8. Кеңістіктік толқын
9. Лүпілді шама
10. Кванттау қадамы
11. Модульденетін сәуле
12. Өзара бөгеуілдер
13. Радиоактивті материалдар
14. Сәуле шығарғыштар тобы
15. Тасымалдаушы толқын амплитудасы
16. Үлкен интегралдық сұлбалық жад
17. Цифрлық салыстырғыш
18. Шифрлау
19. Іске қосылу ықтималдығы
20. Эпитаксиальды лазер

30 нұсқа

1. Апаттық сигнал
2. Байланысты жою
3. Бірінші байланыс желісі
4. Дестелі режимдегі жұмыс
5. Декременттік адрестеу
6. Екілік код
7. Жиілікке тәуелді байланыс
8. Кері байланыс арнасы
9. Көлеңкелік аумақ
10. Люминофордың тозғыштығы
11. Модульдеуші тербеліс
12. Өлшеуіш зонд
13. Радарлық ғарыштық аппарат
14. Сәуле шығару кванты
15. Телебасқарылатын нысан
16. Үндыбыстық шақыру қабылдағышы
17. Цифрлық сигнал қабылдағыш
18. Шифр кілті
19. Ішкі бөгеуілдер
20. Эфирлік бөгеуілдер

№ 2 студенттің семестрлік жұмысын орындауға ұсынылатын әдебиеттер

1 Төлеуп М. Қазақ тілі. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы. - Алматы: АЭЖБУ, 2014. - 88 б.

2 Тілембекова А. Ы. Қазақ тілі: практикалық сабақтарға арналған әдістемелік көрсеткіштер (радиотехника және байланыс факультетінің студенттері үшін). – Алматы: АЭЖБИ, 2003. - 38 б.

3 Агатаева Б.Б. Көпарналы тарату жүйелелері: техникасы мен теориясы (орысша-қазақша терминологиялық сөздік.. – Алматы: Ғылым,2004. – 160 б.

4 Мобильдік телекоммуникациялар және цифрлық тарату жүйелері: Оқу құралы / Б.Б. Агатаева, С.В. Коньшин; АЭЖБИ. - Алматы, 2010. – 60 б.

5 Коньшин С., Джунусов Н. Жерсеріктердің орбитада қозғалуының теориялық негіздері. - Алматы, 2011. - 80 б.

6 Кукк К.И. Спутниковая связь: прошлое, настоящее, будущее. – М.: Горячая линия – Телеком, 2015. – 256 с.

7 Радионаблюдение воздушных объектов: Учебное пособие. – М.: ИП РадиоСофт, 2014. – 496 с.

8 Құсайынов А.Қ. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Электроника, радиотехника және байланыс. – Алматы: Рауан, 2000. - 235 б.

9 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Электротехника, электроника

және байланыс. – Павлодар, 2006. – 288 б.

10 Кудайбергенов Р. Технический терминологический словарь. – Алматы: Таймас, 2009. – 612 с.

Әдебиеттер тізімі

1 Агатаева Б.Б. Көп арналы тарату жүйелелері: техникасы мен теориясы (орысша-қазақша терминологиялық сөздік). – Алматы: Ғылым, 2004. – 160 б.

2 Әлметова Ә.С. Қазақ тілі: Негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық./ Ә.С. Әлметова, Ж.Қ.Дәркенбаева, Л.Ж.Хамимұлыдинова. – Алматы, 2015. – 232 б.

3 Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы. - Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2011. – 400 б.

4 Коньшин С., Джунусов Н. Жерсеріктердің орбитада қозғалуының теориялық негіздері. - Алматы, 2011. – 80 б.

5 Кукк К.И. Спутниковая связь: прошлое, настоящее, будущее. – М.: Горячая линия – Телеком, 2015. – 256 с.

6 Кудайбергенов Р. Технический терминологический словарь. – Алматы: Таймас, 2009. – 612 с.

7 Қарабаева Х. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 148 б.

8 Құсайынов А.Қ. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Электроника, радиотехника және байланыс. – Алматы: Рауан, 2000. – 235 б.

9 Мобильдік телекоммуникациялар және цифрлық тарату жүйелері: Оқу құралы / Б.Б. Агатаева, С.В. Коньшин; АЭЖБИ. – Алматы, 2010. – 60 б.

10 Мухамадиева Н. Іскерлік қазақ тілі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2010. – 152 б.

11 Нурмаханова М. К. Русский язык для бакалавриата всех специальностей: Учебное пособие. – Алматы: АУЭС, 2014. – 95 с.

12 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Электротехника, электроника және байланыс. – Павлодар, 2006. – 288 б.

13 Радионаблюдение воздушных объектов: Учебное пособие. – М.: ИП РадиоСофт, 2014. – 496 с.

14 Тілембекова А., Төлеуп М. Қазақ тілі-2. Іскерік қарым-қатынас: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 82 б.

15 Тілембекова А. Ы. Қазақ тілі: практикалық сабақтарға арналған әдістемелік көрсеткіштер (радиотехника және байланыс факультетінің студенттері үшін) – Алматы: АЭЖБИ, 2003. - 38 б.

16 Тілешов Е.Е. Іскери қазақ тілі: оқу құралы құжат тілін мемлекеттік тілде жүргізетін азаматтарға және өзге тіл үйренушілерге арналады. Деловой казахский язык: учебное пособие/ Е. Е. Тілешов, Ж. А. Тұрлыбекова, Ұ. К. Каюпова; Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі. - Астана: Руханият, 2014. - 208 б.

17 Төлеуп М.М. Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБИ, 2004. – 77 б.

18 Төлеуп М. Қазақ тілі. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2014. – 88 б.

19 Төлеуп М.М., Советова З.С. Қазақ тілі: Техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 192 б.

20 Шәрібжанова Ғ. Қазақ тілі. Техникалық жоғары оқу орындары үшін жаттығулар мен тапсырмалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 87 б.

Мазмұны

Кіріспе	3
№ 1 студенттің семестрлік жұмысы	4
№ 1 студенттің семестрлік жұмысын орындауға ұсынылатын әдебиеттер	10
№ 2 студенттің семестрлік жұмысы	11
№ 2 студенттің семестрлік жұмысын орындауға ұсынылатын әдебиеттер	31
Әдебиеттер тізімі.....	33

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5B074600 – Ғарыштық техника және технологиялар мамандығы бойынша
семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Редактор Қ.С.Телғожаева
Стандарттау бойынша маман Н.Қ.Молдабекова

Басуға қол қойылды _ _ _
Таралымы 50 дана
Көлемі 2,2 есептік-баспа табак

Пішімі 60x84 1/16
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс _____ Бағасы 1100 теңге

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126